

Мусин Беймбет Маликовичтің «8D04113 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы бойынша доктор дәрежесін алу үшін дайындалған «Энергетика саласын мемлекеттік реттеу (Батыс Қазақстан облысының мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	Зерттеу тақырыбының өзектілігі елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экономикалық тұрақтылықты қолдау және экологиялық тұрақтылықты сақтау қажеттілігімен анықталады. Бұл диссертациялық зерттеу нақты ғылыми жоба мен бағдарлама шеңберінде орындалмаған. Диссертация бірқатар мемлекеттік бағдарламалардың міндеттерін іске асыру мақсатында орындалды: - «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты; - Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 263 қаулысы
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертация энергетика саласын мемлекеттік реттеуге қатысты ғылымға елеулі үлес қосады. Энергетикалық секторын тұрақты дамыту және тиімді басқару үшін қажетті жаңа тәсілдер мен ұсыныстарды әзірлеу маңызды аспект болып табылады. Зерттеу барысында ұсынылған әдістер мен шешімдер энергетикалық нарығының ұзақ мерзімді дамуына бағытталған, және олардың іске асырылуы саланың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында энергия тиімділігін арттыру, аймақтық экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері қарастырылады. Осыған байланысты зерттеудің өзектілігі мен ғылыми құндылығы да толық ашылған деп айтуға болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыс өз бетінше орындалған зерттеу болып табылады. Ғылыми зерттеу жоғары деңгейде өз бетінше орындалғанын растайтын дәлелдер қатарына энергетика саласын мемлекеттік реттеу бойынша халықаралық тәжірибені зерттеу, энергетика секторының қазіргі жағдайын кешенді талдау және саланың тиімділігін арттыруға арналған инновациялық шешімдерді ұсыну саналады. Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде жазылған және орындау барысында дербестік принципі сақталған.

4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) <u>негізделген</u>;</p> <p>2) жартылай негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста тақырыптың өзектілігі тереңінен қарастырылып, толық <u>негізделген</u>. Зерттеу барысында энергетика саласының тұрақты дамуы мен тиімді басқару мәселелерін шешуге арналған тәсілдер мен ұсыныстарды әзірлеу арқылы аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етуге бағытталған. Сонымен қатар, жұмыста саланың ағымдағы сын-қатерлері мен олардың шешімдері кеңінен қарастырылған, бұл зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығын одан әрі күшейтеді. Зерттеудің нәтижелері тек теориялық қана емес, сонымен бірге практикалық құндылығы бар, өйткені олар энергетика саласындағы басқару тетіктерін жетілдіруге және аймақтық даму стратегияларын қалыптастыруға нақты ұсыныстар береді. Соның нәтижесінде, диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбының өзектілігін толық ашып, оның ғылыми құндылығын растайды.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды</u>;</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны зерттеу жұмысының тақырыбын толығымен айқындайды. Ғылыми зерттеу үш бөлімнен тұрады және әр бөлімшелерден құралған. Диссертация мазмұны зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне жетуге бағытталғаны айқын көрініп тұр. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері және диссертацияның барлық бөлімдері диссертациялық зерттеудің тақырыбымен байланысты.</p> <p>Бірінші тарауда, энергетика саласындағы мемлекеттік реттеудің теориялық-әдістемелік негіздері, дамуы мен қазіргі жағдайы қарастырылған.</p> <p>Екінші тарауында энергетика саласына жүргізілген реформалар, электр энергияны өндіру мен тұтынудың құрылымы мен динамикасы және энергетика саласындағы басқару құрылымдары талданған.</p> <p>Үшінші тарауында энергетика саласында тиімді тарифтік саясатты әзірлеу және енгізу, электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру, сонымен қатар, Батыс Қазақстан облысының энергетика саласын дамыту мақсатында инвестиция тарту және саланың тұрақтылығын арттыру мәселелері қарастырылады.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес.</p> <p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері мемлекеттік реттеудің теориялық және практикалық аспектілерін талдауға, сондай-ақ аймақтық дамуға ықпал ететін ұсыныстарды қалыптастыруға бағытталған. Бұл міндеттер энергетика секторындағы қазіргі мәселелерді, халықаралық тәжірибені және заңнамалық базаны зерттеу арқылы саланың тиімділігін арттыру мен аймақтық даму стратегияларын қолдауды көздейді.</p>

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толық байланысқан;</b></li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан, бұл жұмыстың мазмұнын жүйелі және дәйекті түрде ашуға мүмкіндік береді. Бірінші бөлімде зерттеудің теориялық негіздері қарастырылады, энергетика саласын мемлекеттік реттеудің маңыздылығы және оның қазіргі жағдайы талданады. Келесі тараулар энергетика саласындағы нақты проблемаларды және оларды шешу жолдарын зерттеу үшін осы теориялық тұжырымдамаларға сүйенеді. Қорытынды бөлімде алынған нәтижелер мен ұсыныстар зерттеудің өзектілігін және оның практикалық маңыздылығын растайтын жұмыстың бастапқы мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Диссертацияның құрылымы мен мазмұны зерттеу мақсатына жетуге толық ықпал етеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>сыни талдау бар;</b></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) толық негізделіп, энергетика саласындағы мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыруға бағытталған әдістер сыни тұрғыдан талданды. Зерттеу барысында ұсынылған әдістердің артықшылықтары мен кемшіліктері талданды, сонымен қатар олардың қолданыстағы әдістермен салыстырғанда тиімділігі көрсетілді. Сонымен қатар, сыни талдау әдісі қолданылып, өңірлік даму мен энергетика саласын басқарудағы жаңа шешімдердің артықшылықтары анықталды. Нәтижесінде авторлық ұсыныстардың заманауи талаптарға сай екендігі дәлелденіп, практикалық маңыздылығы анықталды.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b></li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Автор көрсеткен ғылыми нәтижелер мен қағидалар зерттеуде ішінара жаңа болып табылады, өйткені олар бұрыннан белгілі әдістермен салыстырылады және оларды жетілдіру мақсатында жаңа тәсілдер мен әдістер қарастырылды.</p> <p>Бірінші нәтиже жартылай жаңа, себебі бұл тұжырым энергетика секторының дамуына кедергі келтіріп отырғанын анықтайды. Осы мәселені шешу үшін нарықтық қатынастарға біртіндеп көшу, сол арқылы инвестицияны ынталандыру және бәсекелестікті дамыту ұсынылады. Сонымен қатар, бұл жаңа тәсіл бұрыннан бар реттеу әдістерін нарықтық экономика жағдайларына бейімдеу арқылы жетілдіреді.</p> <p>Саланың даму тиімділігін арттыру үшін сапалы мониторинг жүйесінің қажеттілігі тұжырымы жаңа мониторинг жүйесін енгізуді, соның ішінде платформасын құруды ұсынады, өйткені бұл платформа жүйелі талдау жасауға, ашықтықты арттыруға және проблемаларға жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Аталған ұсыныс бұрыннан бар әдістерді жетілдіруге бағытталып, саланың тиімділігін арттыруға жаңа мүмкіндік береді, және бұл нәтиже жартылай жаңа болып табылады.</p> <p>Тарифтік реттеу модельдерін енгізу тұжырымы тарифтік саясатқа жүйелі талдау жасауға негізделген жаңа модельдерді ұсынады, олардың мақсаты –</p>

			<p>тұтынушылар мен инвесторлардың сенімін арттыру. Бұл модельдер энергия бағасының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған, осылайша саланың тұрақты дамуына ықпал етеді. Мұндай тәсіл бұрыннан белгілі тарифтік реттеу әдістерін жетілдіруге негізделген.</p> <p>Криптомайнингті қосымша инвестиция тарту механизмі ретінде қолдану тұжырымы Қазақстандағы криптомайнингтің энергетика саласына әсерін зерттеп, оны аймақтық мәселелерді шешуде қолдануды ұсынады. Бұл әдіс энергетикалық инфрақұрылымды жақсартуға және тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға мүмкіндік береді, осылайша бұрыннан бар әдістерді толықтырып, жаңа инвестициялық мүмкіндіктерді ашуға бағытталған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>;</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толықтай жаңа болып табылады, себебі зерттеу барысында ұсынылған шешімдер мен әдістер алдыңғыдан белгілі тәсілдерден айтарлықтай ерекшеленеді және саладағы ағымдағы проблемаларды шешуде инновациялық тәсілдерді ұсынады. Атап айтқанда, зерттеуде ұсынылған жаңа платформалар, тарифтік реттеу модельдері және криптомайнингті қолдану жолдары салада бұған дейін қолданылмаған, бұл олардың жаңашылдығын көрсетеді. Осы инновациялық ұсыныстар энергетика саласының тиімділігін арттыру мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында әзірленген, сондықтан қорытындылар ғылыми және практикалық тұрғыдан толықтай жаңа деп саналады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>;</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері жартылай жаңа болып табылады (75%), өйткені олар алдыңғыдан белгілі әдістерді жетілдіру және оларды жаңа жағдайларға бейімдеу арқылы қарастырылған. Зерттеу барысында ұсынылған шешімдер саланың ағымдағы мәселелерін шешуде инновациялық тәсілдерді ұсынады. Бұл шешімдерде жаңа элементтер мен жаңашыл тәсілдер енгізілгенімен, олардың белгілі бір бөлігі алдыңғы тәжірибеге негізделген, сондықтан олар жартылай жаңа болып саналады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда кең ауқымды дәлелдемелерге <u>негізделген</u>, бұл зерттеу барысында алынған нәтижелердің сапасы мен сенімділігін дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланып, жарияланды.</p>

7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Қорғауға шығарылған барлық тұжырымдар дәлелдеген. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде қорғауға ұсынылатын төрт негізгі тұжырымдар бар, олар төмендегідей жауаптарға ие:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- әр тұжырымы дәлелденген;</li> <li>- тұжырымдары тривиалды емес;</li> <li>- тұжырымдары жаңа;</li> <li>- тұжырымдардың қолдану деңгейі кең;</li> </ul> <p>тұжырымдарды 7 мақалада дәлелденген. Скопус (Scopus) мәліметтер базасына кіретін 2 ғылыми мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған экономикалық басылымдарда 5 ғылыми мақала жарияланған</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі</p> <hr/> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістemeniң таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық зерттеу орындау барысында қолданылған әдістеме нақты көрсетіліп, толығымен. ерттеудің әдіснамалық негіздері нақты сипатталған және зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес таңдалған.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелеріне негізделген. Зерттеу барысында <u>қолданылған</u> әдістер мен құралдар заманауи талаптарға сай және ғылыми дәлдік пен сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.</p>

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Диссертациялық зерттеуде жасалған теориялық қорытындылар мен тұжырымдар экономикалық, модельдеу, сараптамалық бағалау, салыстырмалы талдаулар мен делелденді және расталды. Зерттеу барысында барлық ұсыныстар мен тұжырымдар тәжірибе жүзінде тексеріліп, олардың теориялық негіздері нақтыланған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер экономика, салық және қаржы саласындағы қазіргі ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Автор 182 әдебиет көзін пайдаланды, бұл әдебиеттерге шолу жасау үшін жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Диссертацияның теориялық маңызы бар, себебі ол энергетика саласындағы мемлекеттік реттеудің жаңа теориялық негіздерін ұсынады. Зерттеуде ұсынылған теориялық кағидаттар мен модельдер саладағы ағымдағы мәселелерді тереңірек түсінуге және болашақта осы бағытта жүргізілетін ғылыми зерттеулер үшін негіз болуға ықпал етеді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері энергетикалық инфрақұрылымды дамытудың тиімді жолдарын анықтауға және осы саладағы мемлекеттік саясатты жетілдіруге бағытталған, бұл оның теориялық құндылығын айқындайды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жок	диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары, себебі зерттеуде ұсынылған әдістер мен ұсыныстар энергетика саласындағы нақты проблемаларды шешуге бағытталған. Зерттеу нәтижелері энергетикалық инфрақұрылымды жетілдіру, тарифтік саясатты оңтайландыру тәрізді салаларда қолданылуға жарамды.. Бұл нәтижелер мемлекеттік органдар мен салалық кәсіпорындар үшін аймақтық даму стратегияларын құру және тиімді басқару тетіктерін енгізу барысында маңызды нұсқаулық бола алады, осылайша зерттеудің практикалық маңыздылығын айқындайды.

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Практикалық ұсыныстар жартылай жаңа болып табылады, себебі олар алдыңғы әдістер мен тәжірибелерді жетілдіру және аймақтық даму қажеттіліктеріне бейімдеу арқылы әзірленген. Зерттеу барысында ұсынылған шешімдер энергетика саласындағы нақты мәселелерді шешуге және аймақтық дамуды қолдауға бағытталғанымен, олардың негізінде бұрыннан белгілі тәсілдер жатыр. Дегенмен, ұсыныстарда аймақтық ерекшеліктер мен жаңа элементтер ескеріліп, жаңашылдықтар енгізілген, бұл оларды бұрыннан бар әдістердің дамуы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары, себебі диссертацияда ғылыми терминологияның дұрыс қолданылуы, логикалық құрылымның сақталуы және идеялардың айқын жеткізілуі қамтамасыз етілген. Зерттеу барысында материалдар нақты, түсінікті және дәл баяндалып, ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, мәтіннің жүйелілігі мен аргументацияның дәлдігі жұмыстың жоғары академиялық жазу сапасын көрсетеді

Мусин Беймбет Маликовичтің «Энергетика саласын мемлекеттік реттеу (Батыс Қазақстан облысының мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары академиялық деңгейде орындалған, зерттеу нәтижелері мен ұсыныстары өзекті, ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді және практикалық маңыздылығы жоғары деп бағаланады, автордың «8D04113 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы бойынша доктор дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТ:**

PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
«Мемлекеттік аудит» кафедрасының қауымдастырылған профессоры



Серикова Мадина Амангалиевна

